Экономика және ақпараттық технологиялар колледжі

Мамандығы: 1309000 “Оптикалық электрондық жабдықтар”
1 курс, Г-512 тобы

Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің оқытушысы
Нұржанова Гүлзада Амангелдиевна

Орал 2014

**Тақырыбы: Міржақып Дулатов «Шәкірт», «Таза бұлақ» өлеңдері, «Бақытсыз Жамал» романы.**

**Сабақтың мақсаты:**

**білімділік: Міржақып Дулатұлының өмірі мен шығармашылығының қыр-сырын меңгеріп, тереңдей бойлату. Өлеңдерін мәнерлеп оқып мазмұнын талдау, «Бақытсыз Жамал» романын ашу;**

**дамытушылық: оқушыларды өз беттерінше әрекеттендіру арқылы ойлауы мен баяндауна, ойларын толық, тиянақты жеткізуін қалыптастыру.**

**тәрбиелік: М.Дулатов ағалары сияқты патриоттық тәрбие беру, еліне,жұртына адал еңбек жасауға баулу.**

**Сабақтың түрі:** Жаңа материалды меңгерту

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** баяндау, ойлау, жаттау, сұрақ-жауап, тест.

**Сабақтың көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайд материалдары, М.Дулатовтың көрмесі

Пәнаралық байланыс: Қазақстан тарихы, қазақ тілі,

**Сабақтың барысы**

**І. Ұйымдастыру кезеңі**

Сәлемдесу, түгендеу, назарларын сабаққа аудару.

**ІІ. Үй жұмысын тексеру**

С.Көбеевтің өмірбаянын баяндау.

Өлеңдерін жатқа, мәнерлеп оқу.

«Қалың мал» романын баяндау.

Сұрақ-жауап

**ІІІ. Негізгі бөлім**

**Жаңа сабақ**

| № | Жылдар | Өмір жолы | Шығармашылығы |
|---|---|---|---|
| 1. | 1885 ж. 25-караша | Қазіргі Қостанай облысы,Жангелдин ауданында, Қызбел деген жерде дүниеге келген | |
| 2. | 1897-1902 ж.ж. | Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебінде оқиды. | |
| 3. | 1905-1907 ж.ж. | Бала оқытады. | «Серке» газетінде «Жастарға» өлеңі басылады |
| 4. | 1909 ж. | Қызылжарда тілмаштық қызмет атқарады. | «Оян, қазақ!» жинағы Уфада жарық көреді |
| 5. | 1910 ж. | «Қазақ» газетін А.Байтұрсыновпен бірлесіп шығарады | «Бақытсыз Жамал» қазақша тұңғыш роман |
| 6. | 1911 ж. маусым | Семейге келгенде тұтқындалып, 19 ай қамауды отырады. | |
| 7. | 1913-1918 ж.ж. | «Қазақ» ғазетінде жауапты хатшы қызметін атқарады, А. Байтұрсыновпен бірге еңбек етті. | 1913ж. Орынборда «Азамат» өлеңдер жинағы; 1915ж. «Терме» деген әдеби-публицистикалық кітабы шығады. |
| 8. | 1917-1919 ж.ж. | «Алаш» партиясының көрнекті жетекшілерінің бірі болады. | |
| 9. | 1922-1926 ж.ж. | Орынборда интернат оқытушысы, Қызылжар, Семейде сот мекемесінде, Қызылордада баспасөзде қызмет атқарады. | «Есеп құралы», «Қирағат кітабы» атты еңбектері шығады |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **10.** | **1928 ж.** | **Қамауға алынады.** | |
| **11.** | 1930 ж. | Ату жазасына кесіледі, кейін 10 жыл абақтыға ауыстырылады. | |
| **12.** | 1935 ж. 5 қазанда | Ақтеңіз-Балтық каналы бойындағы Сосновец лагерінде ауыр науқастан қайтыс болады. | |
| **13.** | 1988 ж. 27 қазан | Қазақ ССР прокуроры тексеру нәтижесінде ақтады | |
| **14.** | 1992 ж. | Торғай өңірінде өз есімімен аталатын ауылға сүйегін жерлейді. | |

# Міржақып Дулатұлы



# Міржақып Дулатұлы

| | |
|---|---|
| Туылған күні | 1885 25-ші қараша |
| Туылған жері | Сарықопа уезі, Торғай облысы |
| Қайтыс болған уақыты | 1935 5-ші қазан |
| Ұлты | қазақ |
| Мансабы | ақын, жазушы, саясаткер |
| Шығармалардың тілі | қазақша |

# Міржақып Дулатұлы





# Міржақып Дулатұлы



ХХ ғасырдың басындағы қазақтың ағартушылық, демократтық бағыттағы оқыған азаматтарының бірі – қайраткері Міржақып Дулатов еді. Аумалы-төкпелі заманда елдің болашағы үшін атқарған күреске толы қызметімен де, шығармашылық мұрасымен де ол халқына аяулы, еліне құрметті. Міржақып қоғамда да, әдебиетте де халқының тәуелсіздігін бірінші кезекке қойды.

Міржақып Дулатов 1885 жылы 25 қарашада қазіргі Қостанай облысының Жанкелдин ауданына қарасты "Қызбел" ауылында дүниеге келеді. Әкесі Дулат өзіне жетерлік дәулеті, ескіше сауаты бар адам болады. Балаларын жастайынан оқуға береді. Алғашқыда бала Міржақып ауыл молдасынан оқып, хат таниды. Молдадан екі жыл оқығаннан кейін, 1897-1902 жылдары, ауыл мектебінде орысша оқытатын Мұқан мұғалімнен дәріс алады.





**Екі жасында анасынан, он екі жасында әкесінен айырылып, жетім қалған Міржақып бұдан кейін Асқар деген ағасының тәрбиесінде болады. 1902 жылы, уездік мектепті *соң*, еңбекке араласады. Біраз жыл ауыл мектептерінде бала оқытады.**

Бұл мектеп Міржақыптың білімін толықтырумен қатар, азамат ретінде қалыптасуына да аса зор ықпал жасайды, Мұқан мұғалім ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин іргетасын қалаған оқу орнының, дәлірек айтқанда, Торғай қаласындағы уездік орыс-қазақ мектебінің түлегі болатын. Өз шәкірттеріне де ол осы рухта тәлім-тәрбие, терең білім береді.





Міне, осындай күрделі кезеңде, 1904 жылы Міржақып Омбы қаласына келеді. Осында ұлт зиялыларының ұстазы Ахмет Байтұрсыновпен кездеседі. Бұдан кейінгі уақытта бірі – ұстаз, бірі – ізбасары ретінде жұптарын жазбайды. 1905 жылы Міржақып А. Байтұрсыновпен бірге Қарқаралыдағы саяси-бұқаралық жұмыстарға қатысады. 1905 жылы патша өкіметіне қазақ халқының жазушыларының қатарында болады.













1907 жылы Петербургте шыққан "Серке" газетіне "Жастарға" деген өлеңін, бүркеншік атпен "Біздің мақсатымыз" деген мақала жариялайды. Мақалада Міржақып қазақ халқының басындағы қиын жағдайдың анық себептерін саралап, отарлық саясатты әшкерелейді. Патша өкіметі мақала авторын тұтқындамақ болғанмен, бүркеншік аттың иесін таба алмайды. 1909 жылы Петербургте М.Дулатовтың "Оян, қазақ!" атты өлеңдер жинағы жарық көреді. Бұл кітап та патша әкімшілігінің қуғындауына ұшырайды.






3 жылы ол Ахмет Байтұрсыновпен бірге
ақ" газетін шығарып, басылымның бұдан
нгі жұмысына белсене араласады. 1920
лы Ташкентке келіп, сондағы “Ақ жол"
зетінде қызмет атқарады. 1922 жылы
қсыз қамауға алынады. Түрмеден шыққан
1922-1926 жылдары Орынбордағы ағарту
итутында оқытушы болады. 1928 жылдың
ында бір топ қазақ зиялыларымен бірге
уға алынады да, он жылға сотталып, 1935
жылы тұтқында қайтыс болады.

# Шығармашылық мұрасы.






Өзінің шығармашылық жолы
дегеннен өлеңнен бастаған Міржа
проза жанрына да қалам сілте
1910 жылы оның осы жанрда
туындысы "Бақытсыз Жама
романы Қазан қаласында басы
шықты. Бұл – қазақ әдебиетінде
көркем проза үлгісінде туған тұ
роман еді. Кітап 1914 жылы ек
рет басылды.






Бұл жылдары Міржақып бірқатар мақалалар мен фельетондар жазады. 1922 жылы Ташкентте екі бөлімнен тұратын "Есеп құралы" оқулығын бастырады. "Балқия" пьесасын жазады.







**Өзінің алғашқы өлеңдерінен бастап туған халқының тағдырындағы қиындықтар мен ауыртпалықтардың сырына үңіліп, оның әлеуметтік тамырын әшкерелеуді мақсат еткен ақын Міржақып "Оян, қазақ!" атты тұңғыш өлеңдер жинағын мынандай өлең жолдарымен бастайды:**



**Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,**
**Өткізбей қараңғыда бекер жасты.**
**Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,**
**Қазағым, енді жату жарамасты.**

**Бір қарағанда "Шағым" өлеңі ақынның аз ғана сәттік көңіл күйінен туған тәрізді**

**Жүректен қашан шығар қадалған оқ,**
**Жандырған жанды нахақ сөнер ме шоқ?**
**Қажыған қам көңілді бір көтерер**
**Жанымда жан ашитын адам да жоқ, –**

**Міржақып Дулатұлы**

# Міржақып Дулатұлының Абай шығармашылығын зерттеуі

Дулатұлыныңтың абайға арналған алғашқы қысқа ғана мақаласы татардың «уақыт» газетінде 1908 жылы жарияланған. Ақынның ой-өрісі, білім деңгейі, туған жері, шыққан ортасы айтылып, әдеби мұрасына жалпылама баға беріліп, оның орыс әдебиетімен, әсіресе Лермонтовпен үндестігі ескертілді. 1914 жылы “қазақ” газетінде басылған «абай» мақаласы ақынның опат болғанына он жыл толуына орай арналып жазылған.









Міржақып  ел ішіндегі кемшіліктерді әшкерелей отырып, халқына одан арылудың жолын көрсетеді. Өзінің "Шәкірт", “Насихат ғумумия" тәрізді бірқатар өлеңдерінде өнер мен білім жинаудың пайдасын бірінші кезекке қояды. Тіпті адамгершіліктің өзі білімнен, оқудан басталады деген ой айтады.



# Тұлғасы

**Міржақып Дулатов** - ағартушы, ұлт мүддесі, тәуелсіздік жолындағы жалынды күрескер, Алаш қозғалысының қайраткері болған азамат. Осы жолда ақындық, жазушылық аудармашылық, журналшылық қабілеттерін барынша пайдаланған. Алғашқы қазақ романы - «Бақытсыз Жамалдың» авторы. Жалынды үнге, жігерлі шақыруға толы «Оян, қазақ!» кітабын шығарып, қуғынға түскен.

Алаш әдебиетінің басы - Ахмет Байтұрсыновтың «Масасы» мен Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» жинақтарына енген, алғашқылары 1904-1905 жылдардан бастап жазылған жалынды жырлар», - деп қазақ әдебиетінің жаңа бір дәуірінің басы

деп бағалайды

www.ZHARAR.com

# Міржақып Дулатұлы туралы фильмдер

- 1993 — «Міржақыптың оралуы» режиссері: Қ.Умаров
- Жанры: “Деректі фильм” Өндіріс: “Қазақтелефильм”
- 1994 — «Алаш туралы сөз» Алашорда режиссері: Қ. Умаров
- Жанры: “Деректі фильм” Өндіріс: “Қазақтелефильм”
- 2009 — «Алашорда» Алашордарежиссері Қ.Умаров
- Жанры: “Деректі фильм”
Өндіріс: “Қазақфильм” Шәкен Айманов атындағы

www.ZHARAR.com

## 2. Міржақып Дулатов туралы деректі фильм көру

*(қосымша: 1, 2, 3, 4 фильмдерін көру)*

**2. Мәнерлеп оқу «Шәкірт», «Таза бұлақ»** өлеңдерін мәнерлеп оқып, мазмұнын ашу, талдау.

# Шәкірт

Ай жарық, салқын ауа, күзгі түнде,
Ұйықтаған үлкен шаһар жатыр күйде.
Жалғыз-ақ тырыс шәкірт кітап ұстап,
Есінеп ояу отыр пәтер үйде.
Дегенмен отыр ояу жалғыз сүлде,
Ұмытқан басқа істің бәрін мүлде.
Әкеткен ой жетелеп, рухын билеп,
Алысқа әлдеқайда жапан түзге.
Ойлайды ол: ашсам сырын, тапсам ғылым,
Жұртым-ау қылсам еңбек, болып құлың...
Кітапты екі қолдап қысып ұстап,
Иіріп отыр іштен қиял жібін.
Мұқтаждық мейірімсіз жолын бөгеп,
Байлар жоқ мұны көріп берген көмек.
Түгелдеп киім, тамақ, оқу хақын,
Шамасы аз жеткізе алмай жүрген жүдеп…

# Таза бұлақ

Бар екен таудан аққан таза бұлақ,
Түк ел жоқ маңайында қылған тұрақ.
Жағалай біткен ағаш жапырақты,
Жайқалып күн мен желден тұрған қорғап.
Шілденің тас қыздырған ыстық күні,
Мөп-мөлдір суы салқын, әйбат түрі.
Шыныдай жалтыраған тазалығы
Көрініп айнадай боп жатқан түбі.
Жиһангез үш жолаушы келе жатқан,
Шөлдеген ыстық күнде таңдай қатқан.
Кез болып бақытына әлде қалай,
Су ішіп мейірі қанған сол бұлақтан.
Рахат сусын қанып, жан жайланып,
Қарап тұр аққан суға қайран қалып.
Көреді суағардан жазулы тас,
Жағалап жоғарырақ жүрсе барып.
Үшеуі мұны көріп қалды тоқтай:
Жапанда жазуы бар неткен тақтай?!
Жазылған оқып көрсе, сөзі мынау:
«Болсаң бол, ей, жолаушы, бұл бұлақтай!»…

3. **«Бақытсыз Жамал»** романы - өз кезіндегі заман көрінісінен көп жағдайды аңғартар туынды. Тұңғыш роман ретіндегі маңызымен қатар  салт-дәстүрге байланысты да оқушыларға мол мағұлымат береді.

**1-тапсырма.** Мәтінмен жұмыс. Оқушыларға мәтіннен үзінділердің көшірмелері таратылып, әр оқушыға үзіндінің тілін талдау, мазмұнымен қысқаша таныстыру тапсырылады.

**2-тапсырма.** Қысқа да нұсқа, шешен де шебер сөйлеу. Әр оқушының жауабы тыңдалады.

**3-тапсырма.** Сөздікпен жұмыс.

- **Ерулік** - жаңа көшіп келген үйді қонаққа шақыру.
- **Лау байлату** - ат дайындау.
- **Әмеңгер** - «аға өлсе, іні мұра».
- **Күндестік** - бәйбіше мен тоқалдардың бірін-бірі көре алмауы.
- **Ұрын келіп қалыңдық ойнау** - күйеудің тойдың алдында қалыңдыққа келуі.
- **Сүйек сындыру** - ата-анасын ұятқа қалдыру.

**4-тапсырма.** Жоспармен жұмыс.
1. Ел жағдайы, заман көрінісі.
2. Сәрсенбайдың бір перзентке зар болып, Жарасбай молданың қызы Шолпанды айттыруы.
3. Жамалдың дүниеге келуі, ерке өсуі, оқуы.
4. Сәрсенбайдың елдің сөзіне еріп, билікке таласқа түсуі.
5. Билік үшін Байжанмен құдаласуы.
6. Жамалдың Байжанның баласы Жұманды ұнатпауы, қайғыруы.
7. Жамал мен Ғалидың бірін-бірі сүюі, көңіл қосуы.
8. Ғалидың Жамалды алып қашуы.
9. Ғалидың кенеттен ауырып, қайтыс болуы.
10. Жамалдың еріксіз Жұманға тиюі, бақытсыз өмірі.
11.Жамалдың Жұманның қорлығына шыдамай, қалаға қашпақ болып, боранды түнде үсіп өлуі.

**5-тапсырма.** Кейіпкерлерге мінездеме. Әр оқушы өзі оқыған үзіндіде кездескен кейіпкерге мінездеме береді. Бірін-бірі толықтырады.
*Жамал* - ақылды, көрікті, зерек, ақынжанды қыз, ескіше хат таниды. Оның Ғалимен қашып кетуі, Жұманның қорлығына шыдамай қалаға кетуге әрекет жасауы –оның ерекше мінез-құлқын білдіреді.
Ғали - орта бойлы, мінезі сыпайы, әдепті, талапты, уәдесіне берік, білімді жігіт. Саудамен айналысады, Жамалдың теңі, екеуі бірін –бірі ұнатып, бірін-бірі сүйген соң Жамалды алып қашады. Кенеттен ауырып қайтыс болады.
Сәрсенбай - Жамалдың әкесі, момын, мал баққан малды адам, «өз басында еркі жоқ, әркімнің қыздырма тіліне ерген адам».
Жұман-ақылсыз, шаруаға қыры жоқ, ынжықтығынан құрбы арасында күлкі болған, мейірімсіз, қайырымсыз, жалған намысқой бай баласы.
Байжан - өте күрделі образ, қайырымсыз, кекшіл, намысқой, ескі салттың қорғаушысы, барымташы, жалған жалақор, пәлеқор адам.

**6-тапсырма**. Романдағы мақал-мәтелдермен жұмыс.

- Мал бітпес жігіт болмас, құрарына қара,
  Ұл таппас әйел болмас, тұрарына қара.
- Анасын көріп қызын ал,
  Аяғын көріп асын іш.
- Ата даңқымен қыз өтеді,
  Мата даңқымен бөз өтеді.
- Ұрғашының шашы ұзын, ақылы қысқа.
- Қашқан жауға қатын ер.
- Бір көрген біліс, екі көрген таныс.
- Талапты ерге нұр жауар.

**7-тапсырма**. Көп нүктенің орнына салт –дәстүрге байланысты сөздің лайығын қой.

Қыстай бір - біріне араласпаған ағайындар сағынысып, қашаннан астас, тойлас болған ғадеттерінше бір ауылды бір ауыл ...... шақыра бастады.

Молда опат болған соң, қатынын бір жақын кедей ...... алып, әлгі екі жетім бала соның қолына шыққан еді.

Қалампыр һәр уақыт Шолпанды ........... сөзімен де, қолымен де ренжітіп жүрді.

«Байжан мен Сәрсенбайдың арасындағы уағдалары болып, енді бір айда Жұман күйеу ..........»-деген өсек расқа шықты.

(Керекті сөздер: әмеңгері, күндестікпен, ерулікке, ұрын келіп қалыңдық ойнайды)

**IV. Бекіту**

Міржақып Дулатовтың шығармашылығы бойынша тест тапсырмасын құрастыру. Тест 10 сұрақтан, 2-3 дұрыс жауап болу керек.

**Ү. Бағалау**

Оқушылар бірін-бірін бағалау

**ҮI. Үйге тапсырма**

М.Дулатовтың өмірі мен шығармашылығы, өлеңдерін жаттау. «Бақытсыз Жамал» романы бойынша шығармы жазып келу